

Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы ЕСЕП

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанындағы 8D017-Тілдер және әдебиет бойынша педагогтерді даярлау (6D011700 - Қазақ тілі мен әдебиеті) бойынша Диссертациялық кеңесі

1. Өткізілген отырыстар саны жайлы мәліметтер

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанындағы 8D017-Тілдер және әдебиет бойынша педагогтерді даярлау (6D011700 - Қазақ тілі мен әдебиеті) бойынша Диссертациялық кеңесінің 2023 жылы 6 отырысы өткізілді (01.01.2023-29.12.2023).

2. Диссертациялық кеңес отырыстарына жартысынан кем қатысқан кеңес мүшелерінің аты-жөндері (болған жағдайда)

Диссертациялық кеңес отырыстарына жартысынан кем қатысқан кеңес мүшелері болған жоқ.

3. Оқу орындары көрсетілген докторанттардың тізімі.

1. Назарбекова Алуа Ахмедиярқызы, Абай атындағы ҚазҰПУ.
2. Бөгенбаева Әйгерім Бектұрғанқызы, Абай атындағы ҚазҰПУ.
3. Беркинбаева Гульзат Онгарбековна, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

4. Есеп беру жылы бойынша диссертациялық кеңес келесі бөлімдерін бөліп қарағаны туралы диссертациялық жұмыстардың қысқаша талдауы:

Назарбекова Алуа Ахмедиярқызының диссертациясы бойынша:

1) қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау;

Диссертация тақырыбы – «Жалпы білім беретін мектептерде этномәдени бірліктерді оқыту әдістемесі» (8-9 – сыныптар бойынша)

Мамандық: 6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті

Ғылыми кеңесшілері – п.ғ.д., профессор Рахметова Р.С., доктор профессор Екрем Аян

Қорғау 2023 жылдың 17 ақпанында өтті.

Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:

Біріншіден, қазақ тіліндегі этномәдени бірліктердің басқа лексикалық бірліктерден, лингвомәдени бірліктен айырым белгілерін нақты көрсеткен.

Екіншіден, этномәдени бірліктердің түрлерін ажыратқан, мифологиялық, символдық, нумеративтік, метрикалық, сакралды этнолексикаларды құрылымдық тілтаным жүйесіндегі бірліктер деп таныса, этностереотиптер, этнорегиолектілер, этнопрагматонимдерді адамтанымдық жүйедегі бірліктер деп таниды және оны дәлелденген.

Үшіншіден, 8-9 сыныпқа арналған қазақ тілі оқулығына тілтанымдық және әдістемелік талдау жасаған. Нәтижесінде этномәдени бірліктердің аз қолданылатынын анықтаған. Оқулықтар құрылымдық жүйедегі лингвистикалық анықтамалармен шектелгенін, адамтанымдық лингвистика аясындағы ережелер мен заңдылықтардың енгізілмегенін көре отырып, этномәдени бірліктерді оқытуға эксперимент жасаған. Оқушының этнотанымдық білімін этномәдени бірліктер арқылы қалыптастырудың әдістерін ұсынған. Бұл жаңалық әрі болжам деп танылады.

Төртіншіден, диссертациялық жұмыстың қосымшасына 8-9 сынып оқушыларының этнотанымдық құзыреттілігін арттыруға арналған сөздік ұсынылған. Оқушының жас ерекшелігін ескере отырып, қазақтың ұлттық құндылықтарын танытатын этномәдени бірліктер түсіндірмесімен берілген. Бұл да жұмыстың қорытындысын растайтын нәтижелі жаңалық деп танылады.

Бесіншіден, этномәдени бірліктер этнопедагогика мен этнопсихологияны ұштастыратынын ескере келіп, екі саланың айырым белгілерін көрсеткен. Этнопедагогика саласына тән әдістердің басқа әдістерден ерекшеленетін белгілері дәйектелген.

2) «Ғылым туралы» Заңның 18-бабаның 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы

Зерттеудің негізгі идеясы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» Заңын; «Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын»; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1045 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысымен бекітілген ««Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 941 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын басшылыққа алуымен сипатталады., Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді.

3) *диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.* Жалпы білім беретін мектепте қазақ тілі пәнін оқытудың сапасын арттыруға, сабақты нәтижелі ұйымдастыруға септігін тигізеді. Негізгі материалдары мен нәтижелерін мектеп мұғалімдеріне, ізденушілерге көмекші құрал ретінде пайдалануға ұсынылуы мүмкін. *Бөгенбаева Әйгерім Бектұрғанқызының диссертациясы бойынша:*

2) *қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау;*

Диссертация тақырыбы – Креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері (10–11 сынып)»

Мамандық: 6D011700- Қазақ тілі мен әдебиеті

Ғылыми кеңесшілері – п.ғ.д., профессор Оразбаева Ф.Ш., философия докторы PhD Незир Темур

Қорғау 2023 жылдың 17 наурызында өтті.

Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:

Біріншіден, бейіндік мектептің «Қазақ тілі» сабақтарында 10-11-сынып оқушыларының креативті ойлау арқылы тілдік қатынасын дамыту әдістемесінің ғылыми-әдіснамалық негізі тұжырымдалған;

Екіншіден, 10-11-сынып оқушыларының креативті ойлауы арқылы тілдік қатынасты қалыптастырудың дидактикалық шарттары мен ұстанымдары анықталған;

Үшіншіден, оқушылардың креативті ойлауы арқылы тілдік қатынасын дамытуда қолданылатын дәстүрлі әдістер мен инновацияны тоғыстырған амал-тәсілдері көрсетілген;

Төртіншіден, сабақта оқушылардың креативті ойлауы арқылы тілдік қатынасын дамытуға арналған кешенді тапсырма түрлері, ұтымды әдістемелік жүйесі ұсынылған және оның тиімділігі эксперимент арқылы толық дәйектелген.

2) «Ғылым туралы» Заңның 18-бабаның 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы

«Креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамытудың ғылыми әдістемелік негіздері (10-11-сынып)» тақырыбында орындаған диссертациялық жұмысында Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын; «Бейіндік білім беру деңгейінің 10-11 сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын»; Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәдени білім тұжырымдамасын; Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын; «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын; Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын басшылыққа алған. Қазақстан Республикасының Үкіметі

жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді.

3) диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.

Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді тәжірибеде қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеу жұмысынан алынған нәтижелерді әртүрлі жанрлар мен стильдердегі мәтіндерді талдауда кеңінен қолдануға болады. Балалар танымына сай келетін мәтіндерді іріктеу, талдау, қолдану тұрғысындағы шығармашылық ізденіс нәтижелерін жалпы білім беретін мектептегі, жоғары оқу орнындағы қазақ тілін оқыту үдерістерінде қазақ тілі пәнін оқытудың сапасын арттыруға, оқытудың негізгі формасы сабақты нәтижелі ұйымдастыру үшін кеңінен қолдануға болады. Сондай-ақ ұсынылған кешенді жаттығулар мен тапсырмалар жүйесін оқу құралдары мен әдістемелік нұсқаулықтарды әзірлеуде үлгі ретінде пайдалануға болады.

Беркінбаева Гүлзат Онгарбековнаның диссертациясы бойынша:

2) Қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау;

Диссертация тақырыбы – «Қазақ тілін оқыту үдерісінде жоғары сынып оқушыларының диалогтік сөз мәдениетін қалыптастыру әдістемесі»

Мамандық: 6D011700- Қазақ тілі мен әдебиеті

Ғылыми кеңесшілері – п.ғ.д., профессор Даулетбекова Ж.Т., ф.ғ.к., доцент Исаева Ж.И., доктор, профессор Юждед Гелишли

Қорғау 2023 жылдың 10 қазанында өтті.

Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:

Біріншіден, бейіндік мектептің «Қазақ тілі» сабақтарында 10-11-сынып оқушыларының диалогтік сөз мәдениетін қалыптастырудың әдіснамалық негіздерін айқындалған;

Екіншіден, лингвистикалық және педагогикалық-психологиялық ғылыми еңбектердегі диалогтік сөз мәдениетін қалыптастыруға қатысты тұжырымдарды зерделеу арқылы басым бағыттары анықталған;

Үшіншіден, жоғары сынып оқушыларына диалогтік сөз мәдениетін меңгертудің тиімді әдістемесі жасалған;

Төртіншіден, диалогтік сөз мәдениетін меңгертудің моделін ұсынылып, диалогтік сөз мәдениетін қалыптастыруға негізделген әдістемелік жүйенің тиімділігін эксперимент нәтижелері дәйектелген.

2) «Ғылым туралы» Заңның 18-бабаның 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы

«Қазақ тілін оқыту үдерісінде жоғары сынып оқушыларының диалогтік сөз мәдениетін қалыптастыру әдістемесі» тақырыбында орындаған диссертациялық жұмысында Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілде № 319-ІІІ Заңы, «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы, «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 Қаулысы, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы бағытына сәйкес келеді.

3) диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.

Зерттеу жұмысының нәтижелері білім беру және тіл мәдениетін дамыту саласында үлкен маңыздылыққа ие. Жоғары сынып оқушыларының диалогтік сөйлеу мәдениетін

қалыптастыруда интерактивті оқыту әдістерін тиімді пайдалану нәтижелерін ұсынған. Бұл әдістер оқытылатын материалға сыни көзқарасты қалыптастыруға, шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытуға және қоршаған ортадағы ынтымақтастыққа ықпал етеді. Жасалған тұжырымдар негізінде қазақ тілі сабақтарында «Диалогтік сөз мәдениеті» атты оқу-әдістемелік құралын қолдану мұғалімдер мен оқушының қазақ тілін тиімді және сапалы меңгеруіне, коммуникативті дағдыларын дамытуға және оқушылардың диалогтік мәдениетін арттыруға мүмкіндік береді. Қазақ тілін оқытудың жаңа әдістерін әзірлеуге және қолданыстағы тәсілдерді жетілдіруге негіз бола алады.

5. Ресми рецензенттер жұмысын талдау (ең сапасыз пікір мысалдарымен бірге).

Диссертациялық жұмыстарға рецензенттер ретінде қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша республикадағы жетекші мамандар тағайындалды. Рецензенттерді тағайындау барысында ғылыми кеңесшілер және рецензенттердің тәуелсіздігі ескерілді.

Рецензенттер докторлық диссертацияларға кәсіби тұрғыдан талдау жасады. Өз пікірлерінде рецензенттер зерттеу нәтижелерінің теориялық және практикалық негізділігін баса көрсетіп, дәйекті қорытындылар жасалып, ескертулер мен ұсыныстарды тұрақты түрде беріп отырды. Диссертацияларға теріс пікірлер берілген жоқ.

Қорғалған диссертациялардың рецензенттері бойынша мәліметтер:

1. Назарбекова Алуа Ахмедиярқызының диссертациясы бойынша:

Сулейменова Жаркынбике Нуаевна – п.ғ.д., профессор, Қыздар Ұлттық педагогикалық университеті, (Алматы қ., Қазақстан).

Мынбаева Акбилек Пазылхановна – PhD доктор, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, (Шымкент қ., Қазақстан).

2. Бөгенбаева Әйгерім Бектұрғанқызының диссертациясы бойынша:

Жаксылыкова Куляй – п.ғ.д., профессор, Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті, (Алматы қ., Қазақстан).

Дүйсебекова Жайнагул Муратқызы – PhD доктор, Сулейман Демирель атындағы университеті, (Алматы қ., Қазақстан).

3. Беркинбаева Гульзат Онгарбековнаның диссертациясы бойынша:

Алдашева Камар Сагинғалиевна – PhD доктор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, (Алматы қ., Қазақстан).

Абызова Айна Маратовна – PhD доктор, Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, (Талдықорған қ., Қазақстан).

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар.

Диссертациялық кеңес мәжілісіне ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша төмендегідей ұсыныстар жасалды.

- бітіртуші кафедралар (университет бойынша және өзге де ЖОО бойынша) докторантура курсы аяқтаған докторанттардың жұмыстарының сапасына және қорғауға қажетті құжаттарға ерекше назар аударуы керек.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін алу үшін

әзірленген диссертациялардың саны: «6D011700 - Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша диссертациялық кеңеске 2023 жыл бойынша 3 жұмыс түсті. Аталған 3 жұмыста жоғары дәрежеде қорғап, ғылыми-педагогикалық өндіріске жол тартты.

	6D011700- Қазақ тілі мен әдебиеті
Қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарынан)	3 (1)

Қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-
Рецензенттердің теріс пікірлері алынған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-
Қорғау нәтижелері бойынша теріс шешімге ие болған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-
Пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-
Қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-

Диссертациялық кеңестің төрайымы

Оразбаева
(қолы, аты-жөні)

Оразбаева Ф.Ш.

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы

Нұрғали
(қолы, аты-жөні)

Нұрғали С.

« 29 » желтоқсан 2023 жыл

